

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2016 жылғы 31 тамыз

Алматы қаласы

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№204

город Алматы

**Қазақстан Республикасының
аумағында чектерді қолдану
қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Әділет
Министрлігінде 2016 жылғы 20 қазанда
№ 14346

(2018.27.08. берілген өзгерістермен)

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының [зандарына](#) сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану тәртібін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану [қағидалары](#) бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 91 [қаулысының](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13665 тіркелген, 2016 жылғы 25 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркеуді](#);

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы

Д. Ақышев

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2016 жылғы 21 қыркүйек

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

Қ. Қасымов

2016 жылғы 19 қыркүйек

Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі (бұдан әрі - Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) Қазақстан Республикасының [заңдарына](#) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану тәртібін айқындайды.

Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану тәртібінде чектерді пайдалану туралы шартты жасасу, чек кітапшасын беру, чектерді пайдалана отырып төлемдерді және өзге де операцияларды жүзеге асыру, сондай-ақ қолдан жасалған не ақауы бар чекті анықтаған кезде іс-әрекетті жүзеге асыру қамтылады.

2. Қағидалар жол чектерін пайдалануға байланысты қатынастарға қолданылмайды. Көрсетілген қатынастар «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасы [Заңында](#) белгіленген талаптар ескеріле отырып, осындай жол чектерінің чек берушінің банкі реттейді және банк практикасында қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлерімен реттеледі.

3. Қағидаларда Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) чек беру - төлемді жүзеге асыру әдісі, төлем бұл ретте чек берушінің атауы бірдей төлем құжатын чек ұстаушыға беруі арқылы жүргізіледі;

2) чек берушінің банкі - чек кітапшасын берген және ақша төлеу туралы бұйрық жіберілетін банк;

3) чек кітапшасы - чектердің брошюрананған және жүйелі түрде нөмірленген бланктері. Чектің бір бланкінен тұратын чек кітапшасына рұқсат етіледі;

4) чекті төлеу - чек берушінің чек ұстаушының чек бойынша ақша алуымен көрсетілген ақшалай міндеттемесінің орындалуы;

5) чектің түбіртегі - бұл чектің осы чектің деректемелері көрсетілген бір бөлігі. Қағидалардың мақсаты үшін чектердің түбіртектері деп чек кітапшаларына жүйелі түрде брошюрананған чектердің көшірмелері түсініледі;

6) чек ұстаушының банкі - чек ұстаушы чекті төлеу не алынған чекті кейіннен ақы төлеу үшін ұсынған банк.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 [Қаулысымен](#) 4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4. Чек мынадай міндетті деректемелерді қамтуға тиіс:

1) «чек» деген атауы;

2) чектің сериясы және нөмірі;

3) чек берушінің немесе соның мүддесін білдірушінің атауы (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса));

- 4) чек берушінің (чек ұстаушының) жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі;
 - 5) цифрлармен және жазумен көрсетілген сомасы, чек берілген күн, орын, чек берушінің немесе оның мүддесін білдірушінің қолы;
 - 6) чек ұстаушының атауы (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса));
 - 7) чек берушінің банкінің атауы;
 - 8) чек берушінің банкінің банктік сәйкестендіру коды;
 - 9) «төлеңіз» деген баған;
 - 10) «төлемнің мақсаты» деген баған (қолма-қол ақша алуға арналған чекті қоспағанда);
 - 11) «чек ұстаушының чектің төлеуге қабылданғаны туралы белгісі» деген баған;
 - 12) АЖК (ақша жіберушінің коды), БеК (бенефициардың коды) және төлем белгілеу коды бағандары;
 - 13) «шығыс мақсаттары» (қолма-қол ақша алуға арналған чектер үшін) деген баған;
 - 14) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға үшін мөр бедері.
5. Чек берушінің банкіне чекті пайдалана отырып операцияларды өңдеу үшін қажетті қосымша деректемелердің чекке қойылуын талап етуіне рұқсат етіледі.
6. Чек қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру және қолма-қол ақшаны алу үшін пайдаланылады.
7. Чекті беру чек берушінің ақшалай міндеттемесін орындау болып табылмайды, оны орындау үшін осындай чек жазып берілген. Аталған міндеттеме чек бойынша ақша алған кезде орындалады.
8. Қазақстан Республикасының аумағындағы чектер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен жазып беріледі. Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасындағы чектердің айналысы «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес жүзеге асырылады.
9. Чектерді чек берушінің банкі чектерді пайдалану туралы шартқа және Қағидаларға сәйкес қабылдайды және төлейді.
10. Басқа банктер - чек ұстаушының банктері чек бойынша қабылдауды және ақы төлеуді чек берушінің банкі мен чек ұстаушының банкі арасында жасалған чектерді қабылдау және төлеу шарты негізінде жүзеге асырады.
11. Чектегі сыйақы туралы нұсқау жазылмаған деп саналады.
12. Чек бланктері (оның ішінде олар чек кітапшалары болып брошюраналанбаған кезде де) қатаң есептегі құжаттар болып табылады, Қағидалардың [4-тармағында](#) көзделген міндетті деректемелер және қорғау дәрежесі (кем дегенде бес еселенген) ескеріле отырып жасалады, олардың болмауы чектің жарамсыз болуына әкеп соғады.
- Чек берушінің банкі чек бланкінің пен чек кітапшасының үлгісін чек пен чек кітапшасының Қағидаларға сәйкес келуі шартымен дербес бекітеді.
13. Қорғау дәрежелеріне қойылатын ең төменгі талаптарды, сондай-ақ чек беруші банкінің төленген чектерді есепке алуы тәртібін чек берушінің банкі белгілейді.

2-тарау. Чектерді пайдалану туралы шартты жасау

14. Чек берушінің және чек беруші банкінің чекті пайдалануға байланысты құқықтары мен міндеттері чектерді пайдалану туралы шарт негізінде туындайды.
- ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 [Қаулысымен](#) 15-тармақ өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))*
15. Чектерді пайдалану туралы шартта мынадай талаптар қамтылады:
- 1) чек кітапшасындағы чек бланктерінің саны туралы мәліметтер;
 - 2) мыналарды қоса алғанда, чектерді дұрыс жазып беру талабы:
чек бланкілері нөмірлерінің реттілігін сақтау;

чек сомасын цифрлармен және жазумен көрсету (жазумен көрсетілген сома жолдың ең басында бас әріппен басталады, «теңге» деген сөз жазумен көрсетілген сомадан кейін бір бос орыннан кейін көрсетіледі, «тиын» деген сөз чекте көрсетілмейді, сома цифрлармен және жазумен жазылғаннан кейінгі бос орын қос сызықпен сызып тасталады);

бағанда «төлеңіз» деген сөзден кейін атына чек жазып берілетін адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) немесе тұлғаның атауы көрсетіледі;

чек берушінің (жеке тұлғалар үшін) немесе чек кітапшасын иелік етуге чек беруші уәкілетті берген тұлғаның (жеке және заңды тұлғалар үшін) жеке басын куәландыратын құжатының нөмірі, кім және қашан берген;

чекті жазып берген күнді қою (күні және жылы - цифрлармен, айы - жазумен);

чек берушінің жеке басын куәландыратын құжатқа (жеке тұлғалар үшін) немесе чек кітапшасын иелік етуге чек беруші уәкілетті берген тұлғаның қол қою үлгілері бар құжаттағы қол қою үлгісіне (заңды тұлғалар үшін) сәйкес келетін қолын қою;

чектің түбіртегінде чек жазып берілген ақша сомасын (сома цифрлармен қойылады), чек берушінің (жеке тұлғалар үшін) немесе чек кітапшасын иелік етуге чек беруші уәкілетті берген тұлғаның (жеке және заңды тұлғалар үшін) қолы қойылған чек үзінді-көшірмесінің күнін, егер чек кітапшасы белгілі бір сомаға берілсе - операция жүргізілгенге дейінгі сома қалдығын және чек кітапшасы бойынша жаңа қалдықты (қалдық цифрлармен және жазумен қойылады) көрсету.

Чек беруші - жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға мөрінің бедерін қою;

3) чектермен операциялар жүргізу кезіндегі чек берушінің банкі мен чек беруші арасындағы өзара төлемдер және ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібі;

4) чек кітапшасының қолданылу мерзімі (егер чек кітапшасы белгілі бір мерзімге берілсе);

5) чек берушінің жоғалған немесе ұрланған чектері, чек кітапшалары, чекке қол қоюға уәкілеттік берілген тұлғалар құрамының (заңды тұлғалар үшін) өзгерістері туралы чек берушінің банкін хабардар ету рәсімі;

6) чек берушіні чек беруші банкінің чектерді төлеуден бас тарту, сондай-ақ ақауы бар және қолдан жасалған чектер туралы хабардар ету рәсімі;

7) чек берушінің чек беруші банкінің чектермен операция жүргізу жөніндегі қызметін төлеу талаптары;

8) чек берушінің чектің пайдаланылмаған бланктерін чек берушінің банкіне қайтару тәртібі;

9) чек беруші мен чек берушінің банкі арасындағы қатынастар кезіндегі тараптардың жауапкершілігі және талап қою тәртібі.

16. Чектерді пайдалану туралы шарттың Қағидалардың [15-тармағында](#) көрсетілген талаптарын чек берушінің банкі мен чек беруші арасында жасалатын өзге де шарттарға (аралас шарттарға) енгізуге жол беріледі.

17. Чектерді пайдалану туралы шартты жасамас бұрын банктер клиентті чектермен операциялар жүргізу жөніндегі қызметтердің құны туралы және чектерді пайдалану туралы шарттың талаптары туралы ақпаратты алу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

3-тарау. Чек кітапшасын беру

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 [Қаулысымен](#) 18-тармақ өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))

18. Чек кітапшаларын ресімдеген кезде чек беруші банкінің уәкілетті тұлғасы мынадай іс-қимылдарды орындайды:

1) чек берушінің немесе оның мүддесін білдіретін тұлғаның жеке басын куәландырады;

2) чек кітапшасы мұқабасының мыналар көрсетілетін немесе қойылатын сыртқы бетін толтырады:

чек берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе атауы;

чек берушінің (жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар, сот орындаушылары және кәсіби медиаторлар үшін) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі;

чек берушінің жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі;

чек берушінің банкінің банктік сәйкестендіру коды;

чек бланктерінің нөмірлері;

чек кітапшасының қолданылу мерзімі және чек кітапшасының сомасы (егер олар белгіленсе);

чек кітапшасының берілген күні;

уәкілетті тұлғалардың қойылған қолдары (чек кітапшасын қолма-қол ақшасыз төлемді жүзеге асыру мақсатында берген кезде);

3) чек кітапшасының әрбір бланкіне мөртабанмен чек берушінің банкінің банктік сәйкестендіру кодын және оның атауын қояды;

4) чек берушінің (жеке тұлғалар үшін) немесе чек беруші чек кітапшасына иелік етуге уәкілеттік берген тұлғаның (заңды тұлғалар үшін) қол қою үлгілері бар құжатты қабылдайды.

19. Чектерді пайдалану туралы шартқа сәйкес бір мезгілде бірнеше чек кітапшаларын беруге жол беріледі.

4-тарау. Чектерді пайдалана отырып төлемдерді және өзге операцияларды жүзеге асыру

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 [Қаулысымен](#) 20-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

20. Чек беруші заңды тұлғалар жазып беретін чектерге чек кітапшасына иелік етуге уәкілетті тұлғалар қол қояды және чек беруші мөрінің бедері қойылады.

Чек беруші мөрінің бедерін қою жөніндегі талап чек беруші - жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаға қолданылмайды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 [Қаулысымен](#) 21-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

21. Чек ұстаушы чекті төлеу үшін қабылдай отырып, чектің «чек ұстаушының чектің төлеуге қабылданғаны туралы белгісі» деген бағанда және оның түбіртегіне чек ұстаушының тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса), сондай-ақ қолын (жеке тұлғалар үшін) немесе атауын көрсете отырып мөртаңбасын не мөрін және чек ұстаушы уәкілеттік берген тұлғаның қолын (заңды тұлғалар үшін) қояды.

Мөртаңбаны не мөрді қою жөніндегі талап чек беруші - жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаға қолданылмайды.

22. Чек берген кезде чекте Қағидалардың [4-тармағында](#) көзделген деректемелерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның [4-бабы 1-тармағының 15\) тармақшасына](#) сәйкес бекіткен Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес чек беруші қояды.

23. Чекте түзетулер және жөнделген жерлер болса - чек жарамсыз.

Чек бланкін толтырған кезде чек беруші қате жіберіп қойса, бланкте және оның түбіртегінде чек беруші қиғашынан «бүлінген» деп жазып, күнін және қолын қояды.

24. Чек беруші жазып берген чекті чек ұстаушыға беру үшін түбіртегінен ажыратылады және чек ұстаушы егер ол сонымен қатар чек беруші болып саналмаса, чектің дұрыс

толтырылғанын тексереді (түзетулер мен жөнделген жерлерінің ізі болған-болмағаны, чек деректемелерінің дұрыс толтырылуы, чек түбіртегіндегі шығарылған қалдықтың дұрыстығы, чек түбіртектерінің нөмірленуі тексеріледі), жеке басты куәландыратын құжат бойынша чек жазып берген тұлғаның жеке басының кім екеніне көз жеткізеді, чек берген тұлғаның қолын чек кітапшасы мұқабасының сыртқы бетіндегі қол қою үлгісімен салыстырып тексереді.

25. Чекті чек ұстаушы оны жазып берген күні қабылдап алады.

Чек ұстаушы чекті чек берушінің банкіне не чек ұстаушының банкіне ұсынады.

Чектің қолданылу мерзімі чекті жазып берген күннен кейінгі күннен бастап есептелетін күнтізбелік он күнді құрайды.

26. Чек ұстаушының чек бойынша ішінара төлемді қабылдаудан бас тартуына жол беріледі.

Чек бойынша ішінара төлем жасаған жағдайда чек ұстаушының банкі немесе чек берушінің банкі осындай төлем туралы чекте белгі қояды және чек ұстаушыға чек бойынша соманың қалдығына қолхат береді.

27. Чек ұстаушының банкіне немесе чек берушінің банкіне ұсынылған чектерді банктің уәкілетті тұлғалары чектер деректемелерінің дұрыс толтырылуы және олардың қолданылу мерзімінің сақталуы тұрғысынан тексереді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 [Қаулысымен](#) 28-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

28. Чек ұстаушының банкі немесе чек берушінің банкі төмендегі негіздер бойынша чекті төлеу үшін қабылдаудан бас тартады:

- 1) жазумен жазылған сома цифрлармен жазылған сомаға сәйкес келмеуі;
- 2) чекті қолдану мерзімінің өтуі;
- 3) чекте түзетулердің және (немесе) тазартып көшірулердің болуы;
- 4) чектегі жазу мен сияның түсінде айтарлықтай айырмашылықтардың болуы;
- 5) чекте бір немесе бірнеше қорғаныш дәрежесінің болмауы;
- 6) чекте чек деректемелерін көрсетуде қателердің болуы;
- 7) чектегі қойылған қолдың және чек берушінің (жеке тұлғалар үшін) немесе чек беруші чек кітапшасына иелік етуге уәкілеттік берген тұлғаның (заңды тұлға үшін) қол қою үлгілері бар құжаттағы қолының сәйкес келмеуі;
- 8) чектегі мөр бедерінің чек берушінің (жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғалар үшін) қол қою үлгілері бар құжаттағы мөр бедеріне сәйкес келмеуі;
- 9) чекті төлеу үшін ақша сомасы жеткіліксіз болған кезде;
- 10) қолдан жасалған немесе ақауы бар чектің анықталуы;
- 11) чектерді пайдалану туралы шартта көзделген өзге де негіздер.

29. Чек кітапшасының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты пайдаланылмаған әрбір чекке чек беруші «өтелді» деп жазады және чек кітапшасын чек берушінің банкіне қайтарады.

30. Чек берушінің банкі өтеген чектер банктің жеке банк шотында есепке алатын, чек беруші енгізген сома шегінде белгілі бір ақша сомасына шығарылады.

Өтелмеген чектердің төлемі чек берушінің банк шотындағы ақша сомасы шегінде не чектерді пайдалану туралы чек берушімен жасасқан шартқа сәйкес берілген банктің банктік қарызы есебінен жүзеге асырылады.

31. Чек кітапшасының қолданылу мерзімінің аяқталу күніне таман оның сомасы бойынша қалдық қалған жағдайда немесе чек беруші чектерді пайдалана отырып жасайтын операцияларын тоқтатқан кезде чек беруші чек кітапшасын чек берушінің банкіне ұсынады.

Чек берушінің банкі чек беруші чек кітапшасын қайтарған кезде оған чек кітапшасы бойынша қалған қалдық сомасын қайтарады.

32. Чектерді пайдалану туралы шартта көзделген жағдайда чек кітапшасының сомасы бойынша қалдық чек беруші банкінің тиісті баланстық шотында сақталады және жаңа чек кітапшасының сомасын белгілеу кезінде есепке алынады.

33. Чек берушінің банкі чек кітапшасын қайтарған кезде немесе толық пайдаланған жағдайда чек кітапшаларын тіркеу журналында тиісті белгі қойылады.

Чектерді толық пайдаланған кезде чек кітапшасы бойынша сома пайдаланылмаған болып табылған жағдайда, чектерді пайдалану туралы шартта көзделген болса, клиентке жаңа чек кітапшасы беріледі.

5-тарау. Қолдан жасалған не ақаулы бар чек анықталған жағдайда іс-әрекеттерді жүзеге асыру

34. Қағидаларда белгіленген талаптарды бұза отырып жазылған, сондай-ақ Қағидалардың [4-тармағында](#) көзделген чектің міндетті деректемелерін толтыруда қате жіберілген және (немесе) түзетулер жасалған чек ақаулы деп танылады және банк чек ұстаушыға қолхат ала отырып қайтарады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 [Қаулысымен](#) 35-тармақ өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))

35. Егер:

1) төлемге ұсынылған чек осы чекте көрсетілген банк бермеген чек кітапшасынан жазылса;

2) чектің бланкі Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

3) чек берушінің немесе чек беруші уәкілеттік берген тұлғаның қойған қолы чек берушінің (жеке тұлғалар үшін) немесе чек беруші чек кітапшасына иелік етуге уәкілеттік берген тұлғаның (заңды тұлғалар үшін) қол қою үлгісіне сәйкес келмесе не қолдан жасаудың айқын белгілері болса;

4) чек беруші мөрінің бедері чек берушінің қол қою үлгілері бар құжаттағы мөр бедерінің үлгісіне (жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғалар үшін) сәйкес келмесе, чек қолдан жасалған болып.

36. Төлем жасау үшін чек ұсынған банктің уәкілетті тұлғасы қолдан жасалған чекті анықтаған сәтте қолдан жасалған чектің анықталғаны туралы акт Қағидалардың [қосымшасына](#) сәйкес нысан бойынша екі данада жасайды.

37. Чек беруші қолдан жасалған чекті ұсынған кезде банктің уәкілетті тұлғасы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына хабар береді.

Қолдан жасалған чек қолдан жасалған чектің анықталғаны туралы актінің бір данасымен бірге Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына беріледі, қолдан жасалған чектің анықталғаны туралы актінің екінші данасы қолдан жасалған чек анықталған банкте қалады.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары қолдан жасалған чекті алған жағдайда және чектің қолдан жасалғандығы расталмаған кезде банк чекті қайтару шараларын қабылдайды. Чекті алғаннан кейін банк чекті чек берушіге қайтарады.

Егер қолдан жасалған чекті чек берушінің банкі болып табылмайтын чек ұстаушының банкі анықтаған жағдайда, қолдан жасалған чекті анықтағаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей чек ұстаушының банкі қолдан жасалған чектің көшірмесін, қолдан жасалған чектің анықталғаны туралы актінің көшірмесін чек берушінің банкіне береді.

Егер қолдан жасалған чекті чек берушінің банкі анықтаған жағдайда, қолдан жасалған чекті анықтағаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей қолдан жасалған чектің көшірмесі, қолдан жасалған чектің анықталғаны туралы актінің көшірмесі чек ұстаушының банкіне немесе чек ұстаушыға беріледі.

38. Чекті жазғаннан кейін жеке тұлға чек берушінің іс-әрекетке қабілетсіздігі немесе қайтыс болуы, сондай-ақ заңды тұлға чек берушінің таратылуы немесе қайта ұйымдастырылуы чектің жарамсыздығына алып келмейді.

39. Чек кітапшасын жоғалтқан жағдайда чек беруші бұл туралы чек берушінің банкіне чектерді пайдалану туралы шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде чектердің пайдаланылмаған бланктерінің нөмірлерін көрсете отырып хабарлайды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 Қаулысымен қосымша өзгертілді
(бұр.ред.қара)

Қазақстан Республикасының аумағында
чектерді қолдану қағидаларына
қосымша

Нысан

«Бекітемін»

(банктің уәкілетті тұлғасының
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

(қолы)

_____ қ. 20__ жылғы «____» _____

**Қолдан жасалған чектің анықталғаны туралы
акт**

Мен, төменде қол қойған

(қолдан жасалған чекті анықтаған банктің уәкілетті тұлғасының

_____,
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және лауазымы)

_____ сомаға

_____ (чек ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар
болса)

жазылған № _____ чекті тексеру кезінде _____
чектің анықталғаны туралы осы актіні жасадым, осыған байланысты аталған чек төлем
жасауға қабылданбайды.

(қолы)
Қолдан жасалған чек Қазақстан Республикасының құқық қорғау
органдарына _____
_ ұсынылды.

(қолдан жасалған чек берілген мемлекеттік органның атауы
көрсетілсін)